БЕКІТІЛДІ
«Мұнайлы аудандық ауруханасы»
ШЖҚ МКК директор
_____ Ж.М. Байгожаев
«30» 09 2026 ж.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «МҰНАЙЛЫ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ МКК-НІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы
2026 жыл

Кіріспе

Осы Үлгілік ереже 2026 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі, бұған 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Үлгілік ереженің 18-тармағының 11), 12), 13) және 14) тармақшалары, 19-тармағының 5), 6) және 7) тармақшалары және 20-тармағының 7) тармақшалары кірмейді және ресми жариялануға жатады.

2027 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1. Үлгілік ереженің 18-тармағының 10) тармақшасының қолданысы тоқтатыла тұрсын, бұл ретте тоқтата тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады:

«10) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;»;

2. Үлгілік ереженің 19-тармағының 3) және 4) тармақшаларының қолданысы тоқтатыла тұрсын, бұл ретте тоқтата тұру кезеңінде осы тармақшалар мынадай редакцияда қолданылады:

«3) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жақын туыстарымен, жұбайларымен және (немесе) жекжаттарымен бірге жұмыс істеуіне тыйым салуды сақтау;»;

5. Үлгілік ереженің 22, 23, 24 және 25-тармақтарының қолданысы тоқтатыла тұрсын, бұл ретте тоқтата тұру кезеңінде осы тармақтар мынадай редакцияда қолданылады:

«22. Жұмыс жоспары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторинг жүргізу, оқыту өткізу, ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

23. Қызметтің және Жауапты тұлғаның ұсынымдары квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына немесе тиісті мәселе құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшелерге жіберіледі және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде міндетті түрде қаралуға жатады.

24. Ұсынымдарды қарау қорытындылары бойынша құрылымдық бөлімшелер Қызметке немесе Жауапты тұлғаға қабылданған шаралар туралы хабарлайды не оларды орындаудың мүмкін еместігінің дәлелді негіздемесін ұсынады.

25. Қызмет жылына кемінде бір рет директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің

бұзушылықтары және оларды жою жөніндегі шаралар туралы мәліметтерді қамтитын қызметі туралы есеп ұсынады.».

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы осы Үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің негізгі міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін, сондай-ақ олардың қызметін ұйымдастыру мен жұмыс тәртібін айқындайды.

2. Үлгілік ереже сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құрылымдық бөлімшелеріне, басшылары мен қызметкерлеріне, сондай-ақ осы Үлгілік ережеде көзделген жағдайларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын жүзеге асыратын жауапты тұлғаларға қолданылады.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектілері заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын, штат саны мен қызметінің ерекшелігін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ішкі ережені бекітеді.

4. Егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда осы Үлгілік ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, мұндай талаптар мен тәсілдерді директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) не квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органы, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы бекітеді және олар осы Үлгілік ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын ұйымдастыру

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (бұдан әрі – Қызмет) – осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшесі.

6. Қызмет Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңды, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Үлгілік ережені және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

7. Дербес құрылымдық бөлімше нысанындағы Қызмет Ұлттық әл-ауқат қорында, ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, сондай-ақ олармен үлестес болып табылатын еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғаларда, қызметкерлерінің орташа жылдық саны жүз адамнан астам болған

е, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында, Мемлекеттік әлеуметтік ақтандыру қорында, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығының органдары, олардың ұйымдары мен қатысушылары қызметінің жағдайларын қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйымда, сондай-ақ осы Үлгілік ереженің 8-тармағында көзделген шарттар болған кезде құрылады.

8. Квазимемлекеттік сектор субъектісінде Қызмет мынадай шарттардың біреуі немесе бірнешеуі болған кезде дербес құрылымдық бөлімше ретінде құрылады:

1. квазимемлекеттік сектор субъектісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің не орталық мемлекеттік органның шешімі бойынша құрылған;
2. квазимемлекеттік сектор субъектісінің еншілес, тәуелді немесе үлестес ұйымдары, филиалдары не өкілдіктері бар;
3. қызметкерлерінің орташа жылдық саны жүз адамнан астам.

9. Еншілес, тәуелді және (немесе) өзге де үлестес заңды тұлғалары, филиалдары мен өкілдіктері бар квазимемлекеттік сектор субъектілерінде бас ұйымда осындай ұйымдардың Қызметтерінің қызметін үйлестіруді, әдіснамалық сүйемелдеуді, мониторингтеуді және шоғырландыруды қамтамасыз ететін бірыңғай Қызмет құрылады.

10. Бірыңғай Қызмет директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің тиісті еншілес, тәуелді және (немесе) өзге де үлестес заңды тұлғаларының қызметін үйлестіруге уәкілетті бас, жоғары тұрған не өзге ұйымның тәуелсіз басқару органының шешімімен құрылады. Шешімде қызметі бірыңғай Қызметпен үйлестірілетін ұйымдардың тізбесі, құжаттарға қол жеткізу, өзара іс-қимыл жасау, есептілік және ұсынымдарды орындау тәртібі айқындалады.

11. Бас ұйымда бірыңғай Қызметтің құрылуы еншілес, тәуелді және үлестес ұйымдарды осы Үлгілік ереженің 7 және 8-тармақтарында көзделген шарттар болған кезде дербес Қызмет құрудан босатпайды.

12. Осы Үлгілік ереженің 7 және 8-тармақтарында көрсетілген шарттарға сәйкес келмейтін квазимемлекеттік сектор субъектілерінде Қызметтің функцияларын жүзеге асыратын жауапты тұлға (бұдан әрі – Жауапты тұлға) айқындалады, оған осы Үлгілік ережеде көзделген Қызметтің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері қолданылады.

13. Қызметтің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оған сатып алуға, қаржыға, бухгалтерлік есепке, кадрлық және шарттық жұмысқа, мүлікті басқаруға, ішкі аудитке, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қызмет тарапынан мониторинг жүргізілуге жататын процестерді құқықтық сүйемелдеуге байланысты функциялар жүктелмейді.

14. Қызмет өз функцияларын квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан және қызметкерлерінен тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

лы заңнамасының талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз лып табылады.

15. Қызмет басшысы мен қызметкерлері атқарушы органның, директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органының құрамына кіре алмайды. Қызметтің құзыретіне жататын мәселелер қаралған кезде Қызмет басшысы мен қызметкерлері көрсетілген органдардың отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысады.

16. Қызмет басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін тұрақты түрде арттыруы қажет.

3-тарау. Қызметтің негізгі міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

17. Қызметтің негізгі міндеттері:

1. квазимемлекеттік сектор субъектісі мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;
2. квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
3. квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
5. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

18. Қызмет мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1. квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;
3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органның және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауға қатысады;
4. анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды төмендету мен жою бойынша қабылданатын шараларға мониторинг жүргізеді;

. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізеді;

6. квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;
7. квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;
8. квазимемлекеттік сектор субъектісінің ұжымында жалпыға бірдей қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді;
9. квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оның орындалуына мониторинг жүргізеді;
10. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен өз құзыреті шегінде мүдделер қақтығысын анықтау, болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
11. әлеуетті немесе нақты мүдделер қақтығысының болуы туралы жазбаша сұрау салуларды, хабарламаларды және келіп түскен өзге де ақпаратты қарайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мүдделер қақтығысының болуы немесе болмауы туралы қорытынды шығарады;
12. әлеуетті немесе нақты мүдделер қақтығысы болған жағдайда оны реттеу жөніндегі ұсынымдары бар қорытындыны тиісті шараларды қабылдауға өкілетті тұлғаға ұсынады, сонымен қатар мүдделер қақтығысы туындаған тұлғаға, оның тікелей басшысына және (немесе) өзге де мүдделі тұлғаларға хабарлайды;
13. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шаралардың орындалуына мониторинг жүргізеді;
14. мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу мәселелерін регламенттейтін құқықтық актілердің ережелерін түсіндіреді;
15. контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;
16. квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және (немесе) оларға қатысады;
17. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы өзгерістерге, квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасына мониторинг және талдау жүргізеді;

18. квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігін бағалауды жүргізеді;
19. анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және ішкі процестердің тиімділігін арттыру бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына және тиісті мәселе құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшелерге міндетті түрде қаралуға жататын ұсынымдар енгізеді;
20. квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметінің ерекшелігіне қарай, егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын туғызбаса, комплаенс, іскерлік әдеп, тұрақты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;
21. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен, мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

19. Қызмет мынадай шектеулер мен талаптардың сақталуына мониторинг жүргізеді:

1. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы;
2. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын сақтауы;
3. Қазақстан Республикасының мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтауы;
4. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңның 14-бабында көрсетілген жағдайларда жақын туыстарымен, жұбайларымен, жекжаттарымен және (немесе) өзге де олармен байланысты тұлғалармен бірге жұмыс істеуіне тыйым салуды сақтауы;
5. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері болған кезде шешімдерді қарауға, талқылауға, дайындауға немесе қабылдауға қатысуына не шешімдерге өзге де тәсілмен ықпал етуіне, сондай-ақ мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыруына тыйым салуды сақтауы, бұған Заңның 15-3-бабы 4-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайлар қосылмайды;
6. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың тұлға лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыратын ұйымда не оған бағынысты ұйымдарда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкілдік етуіне тыйым салуды сақтауы;

. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың атқаратын немесе бұрын атқарған лауазымының артықшылықтарын жеке мүддесінде пайдалануына тыйым салуды сақтауы;
8. қызметтік өкілеттіктерге кіретін әрекеттер үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар, қызметтер алуға және (немесе) беруге тыйым салуды сақтауы;
9. мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе шығару мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалануға тыйым салуды сақтауы;
10. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың интернет-ресурстар желілерін пайдалану арқылы өткізілетіндерді қоса алғанда, құмар ойындарға және (немесе) бәске қатысуына тыйым салуды сақтауы;
11. бұрын мемлекеттік қызметте лауазым атқарған адамдарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстарын немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау, еңбек шартын жасасу және жұмысқа орналастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауы.

20. Қызмет өз құзыреті шегінде:
1. өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтерді және материалдарды, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сұратады және алады;
2. квазимемлекеттік сектор субъектісінің цифрлық жүйелері мен дерекқорларына қол жеткізеді;
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тексеру іс-шараларын, қызметтік тексерулерді және қызметтік тергеп-тексерулерді жүргізуге қатысады;
4. қызметтік тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан адамнан, сондай-ақ қызметтік тергеп-тексеру шеңберінде басқа да адамдардан жазбаша түсініктемелер алады;
5. квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпаратын тыңдайды;
6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді;
7. жеке мүдделер туралы декларацияларды талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынған өзге де ақпаратты зерделеу арқылы мүдделер қақтығысын анықтауды жүзеге асырады.

4-тарау. Қызметтің жұмыс тәртібі

21. Қызметтің және Жауапты тұлғаның қызметі директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органы бекітетін, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы бекітетін жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

22. Жұмыс жоспары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторинг жүргізу, мүдделер қақтығысын анықтау, оқыту өткізу, ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

23. Қызмет пен Жауапты тұлғаның ұсынымдары мен қорытындылары, оның ішінде әлеуетті немесе нақты мүдделер қақтығысының болуы немесе болмауы туралы қорытындылар және оны реттеу жөніндегі ұсынымдар квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына, тиісті шараларды қабылдауға өкілетті тұлғаға немесе тиісті мәселе құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшелерге жіберіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде міндетті түрде қаралуға жатады.

24. Ұсынымдар мен қорытындыларды қарау қорытындылары бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы, тиісті шараларды қабылдауға өкілетті тұлға немесе құрылымдық бөлімшелер Қызметке немесе Жауапты тұлғаға қабылданған шаралар туралы хабарлайды не оларды орындаудың мүмкін еместігінің дәлелді негіздемесін ұсынады.

25. Қызмет жылына кемінде бір рет директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің бұзушылықтары және оларды жою жөніндегі шаралар, мүдделер қақтығысының жағдайлары және оны болғызбау мен реттеу жөніндегі шаралар туралы мәліметтерді қамтитын қызметі туралы есеп ұсынады.

26. Қызметі бірыңғай Қызметпен үйлестірілетін еншілес, тәуелді және (немесе) өзге де үлестес заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер тоқсан сайын бірыңғай Қызметке есептер ұсынады, сондай-ақ оған сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне жататын мәселелер бойынша құжаттарға, ақпараттық жүйелерге және қызметкерлерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

27. Қызметке және Жауапты тұлғаға келіп түскен құжаттар, өтініштер мен мәліметтер Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасының талаптарын, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып қаралады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың жүргізілуін қамтамасыз етеді және бағынысты тұлғалар мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуын болғызбау жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін заңдарда белгіленген жауаптылықта болады.

29. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері және Жауапты тұлға өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

30. Қызмет туралы ереже квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

31. Қызмет басшысы немесе Жауапты тұлға туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), фотосуреті және байланыс деректері ұйымдардың ғимараттарында жалпыға бірдей көруге қолжетімді орындарда және ұйымдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

32. Квазимемлекеттік сектор субъектісі Қызметке қажетті ақпарат пен құжаттарға, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа, ақпараттық жүйелер мен дерекқорларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ оның өкілеттіктерін орындауы үшін жеткілікті кадрлық, ұйымдастырушылық және техникалық ресурстар ұсынады.

33. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметіне кедергі келтіруге, ақпаратқа қол жеткізуді негізсіз шектеуге, сондай-ақ оның басшысы мен қызметкерлеріне өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде ықпал етуге жол берілмейді.

34. Қызметтің қызметіне кедергі келтірілген, ақпаратқа қол жеткізу негізсіз шектелген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде шаралар қабылданбаған немесе мүдделер қақтығысы болған жағдайда Қызмет директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

35. Қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

36. Қызмет тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпарат жібереді.